

ELEMENT

FOR THE

“Қуаттың” құнды құбыры

Қазіргі таңда Қазақстанда жоғары тығыздықты, төменгі қысымды полиэтилен тұрбалар шығаратын кәсіпорындар көп емес. Көпті айтамыз-ау, тіпті бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнамаларға көз салсақ, оны жалғыз “Шеврон-Тексако” халықаралық концерні ғана балқытатын болып шығады. Ал, шын мәнінде бұл бұйымды елімізде аталмыш концерннен басқа тағы бір фирма дайындайды. Атап айтқанда, Қызылордадағы “Қуат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі соңғы үш жылдан бері осы жұмысты да өзінің көп салалы тіршілігінің негізгі қырларының біріне айналдырып келеді. Әзірге оның қызығын басты тұтынушы ретінде “Қазатомпром” Ұлттық атом компаниясы ғана көріп жүр. Қуаттықтар қазір өз полиэтилен құбырларын “Қазатомпром” холдингінің құрамына кіретін “Тау-кен компаниясы” ЖШС сұранысын қанағаттандыра алатындай мөлшерде шығарып тұрады.

Өткен жылдың көктемінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыр бойына жасаған ресми сапары барысында арнайы ұйымдастырылған құрылыс материалдары көрмесін аралай жүріп, “Қуаттан” шыққан құбырларға едәуір зер салып еді. Сонда Мемлекет басшысы бұлардың шикізатты қайдан алып жатқанын сұраған. Серіктестік басшылары оның Ресейден жеткізілетінін айтқан. Енді осы жерде мына кереғарлықты қараңыз: біздің еліміз жыл сайын миллиондаған тонна көмірсутегі шикізатын сыртқа экспортқа шығара отырып, содан қайта өңделіп алынатын полиэтилен секілді бұйымды бұрынғысынша импорттап әкеледі екен. Әлбетте, мындаған шақырым қашықтықтан кедендік бақылау жолы арқылы жететін сол мүліктің құны мұнда жеткенше айтарлықтай көтеріліп кетеді. Бұл ретте қызылордалық компанияға іргедегі аталған шикізатты тиімді пайдалана білу нәтижесінде полиэтилен тұрбалар жөнінде Ресей өндірісшілерімен бәсекелестікке түсуге әбден болар еді.

Таяуда өз өндірісінің өзегін өркендете отырып, “Қуат” ЖШС диаметрі 400 миллиметр, қабырғасы 22,7 миллиметр қалың тұрбалар шығаруға көшті. Оның жүйесі Ресейдің Новокузнецкідегі полимер мәшинелер зауытынан сатып әкелінді. Бұл кәсіпорын еуропалық стандарт бойынша сертификат алған екен, сондықтан соның үлгісімен енді Қызылордада жасалған тұрбаларды алыс шетелдердің кез келгенінен экспортқа шығара беруге болады. Рас, “Қуат” ЖШС басшыларында әзірге экспорттық жоспарлар жоқ, дегенмен, өзге мемлекеттердің өнімдерімен бәсекеге түсуге шындап дайындалып жатыр. Мұнда халықаралық ИСО-9001 “Сапа менеджменті” стандарты енгізілген. Ал, 400 миллиметрлік тұрбалар уран шикізатын өндіріп жатқан ұңғымаларды қаптауға арналған көрінеді. Бұл үдерісте сілті қышқылы пайдаланылады. Сондықтан бұл маркадағы құбырлар залалы көп ортада қолданылмақ.

Осыған орай біз ЖШС бас директоры А.Ыбыраевтан бұл тұрбаларды қаланың жаңадан жасалып жатқан су жүйелерінде пайдалануға болатын-болмайтынын сұрадық.

— Біздің өніміміздің техникалық параметрлері оны іс жүзінде кез келген жерде пайдалануға болатынын көрсетеді, – деді Асылбек Қасымұлы сұраққа орай. – Мәселен, салқын ауыз су ағызатын құбырлардан бастап, канализация жүйелеріне дейін қолдануға толық мүмкіндік бар.

Бұл жерде бір ғана “бірақ” бар. Біз әңгімелеп отырған “Қуат” компаниясының тұрбалары тұтынушы үшін қымбатқа түседі. Сол себепті жұрт қазір қаланың кез келген базарынан сатып алуға болатын бағасы әлдеқайда арзан пластикалық тұрбаларды сатып алуға бейіл. Алайда, олардың барлығында дерлік сертификат жоқ. Тіпті сондай құжаты болған күнде де сатушы оны сізге ешқашан көрсетпейді. Себебі, пластикалық құбырлардың кепілді мерзімі 5-10 жылдан аспайды.

Осы тұста “Қуаттың” цехтарында жұмыс қызып жатыр. Фирма өнеркәсіп өндірісі саласында осылайша тағы бір жол тапты.